

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 144 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 15 қазанда № 9801 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 4 сәуірдегі № 49 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.04.2019 № 49 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2014 жылғы 21 қарашадан ерте емес қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қ. Келімбетов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрлігі
Министр _____ Ә.Ө. Исекешев

2014 жылғы 8 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі
Министр _____ Б.Т. Сұлтанов
2014 жылғы 12 қыркүйек
"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Министр _____ Е.А. Досаев
2014 жылғы 4 қыркүйек

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 144 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы (бұдан әрі – Валюталық реттеу туралы заң), "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және уәкілетті ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды қоса алғанда, уәкілетті ұйымдардың лицензиялау тәртібі мен шарттарын, уәкілетті ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған кұймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операцияларды жүргізу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті банктің айырбастау пункттерін ашу, олардың қызметін тоқтата тұру, қайта бастау, оларды жабу туралы хабардар ету тәртібін, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметі

туралы, сондай-ақ уәкілетті ұйымдардың Ұлттық Банк шығарған құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операциялар бойынша ақпаратты ұсыну нысаны мен тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда қолданылатын ұғымдар Валюталық реттеу туралы заңда, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағынада пайдаланылады.

Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен ұғымдар да пайдаланылады:

1) автоматтандырылған айырбастау пункті – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаға тиесілі және оған қолма-қол ақшаны осы құрылғыға енгізу және одан басқа валютада қолма-қол балама соманы алу жолымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы;

2) айырбастау операциялары – айырбастау пункттері және автоматтандырылған айырбастау пункттері арқылы жүзеге асырылатын қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау жөніндегі операциялар;

3) айырбастау пунктінің операциялық кассасы – айырбастау пункті үй-жайының қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу кезінде клиенттерге қызмет көрсететін кассирге арналған арнайы жабдықталған бөлігі;

4) компьютерлік жүйе – бақылау-кассалық машинаның функцияларын іске асыратын, айырбастау операцияларының есебін жүргізуді қамтамасыз ететін және салық органында есепке қойылған автоматтандырылған ақпарат жүйесі;

5) қолданыстағы лицензия – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензия;

6) қолма-қол шетел валютасы – шет мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған айналыстағы банкноттар және қазынашылық билеттер;

7) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға – өзіне берілген лицензияға немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен берілген құқықтарға сәйкес қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар уәкілетті ұйым немесе уәкілетті банк;

7-1) құймалардағы аффинирленген алтын – Ұлттық Банк 2017 жылдан ерте емес шығарған, "Алтынның өлшеуіш құймалары. Техникалық талаптар" ҚР СТ

2049-2010 Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сәйкес келетін сертификатталған өлшеуіш құймалардағы инвестициялық аффинирленген алтын;

8) лицензияға қолданыстағы қосымша – қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген немесе қайта ресімделген, қолданылуы тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған лицензияға қосымша;

9) лицензияға қосымша – лицензияның уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің нақты орналасқан орны туралы мәліметтер қамтылған ажырамас бөлігі ;

10) электрондық лицензия және лицензияға электрондық қосымша – ақпараттық технологиялар пайдаланыла отырып ресімделетін және берілетін, маңызы қағаз тасымалдағыштағы лицензиямен және лицензияға қосымшамен бірдей электрондық құжат нысанындағы лицензия және лицензияға қосымша.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Уәкілетті ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Уәкілетті ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының резидент және резидент емес – жеке тұлғалары және (немесе) заңды тұлғалары уәкілетті ұйымның құрылтайшылары болып табылады.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру лицензиясынан айыру туралы шешім қабылданған уәкілетті ұйымның құрылтайшысы (құрылтайшыларының бірі) болып табылатын тұлға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі аумақтық филиалының (бұдан әрі – Ұлттық Банк филиалы) тиісті шешімінің күнінен бастап үш жыл өткенге дейін уәкілетті ұйымның құрылтайшысы (құрылтайшыларының бірі) бола алмайды.

5. Уәкілетті ұйымның өкілдіктер құруына, сондай-ақ уәкілетті ұйымның басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуына, оның ішінде құрылтайшы ретінде қатысуына жол берілмейді.

6. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы заңды тұлға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналған лицензия және лицензияға қосымшаны алуға өтініш білдіргенге дейін толық көлемде ақшалай нысанда қалыптастырылады.

Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталының ең аз мөлшері:

1) Астана қаласында, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан әрбір айырбастау пункті үшін 30 000 000 (отыз миллион) Қазақстан теңгесін;

2) облыстардың әкімшілік орталықтарында орналасқан әрбір айырбастау пункті үшін 20 000 000 (жиырма миллион) Қазақстан теңгесін;

3) өзге жерде орналасқан әрбір айырбастау пункті үшін 10 000 000 (он миллион) Қазақстан теңгесін құрайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6-1. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін ашқан кезде оның ақшалай нысанда қалыптастырылатын жарғылық капиталы Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкес ұлғайтылуға тиіс.

Ескерту. 2-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6-2. Қаланы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызған жағдайда осындай қалада айырбастау пункті бар уәкілетті ұйым қаланы республикалық маңызы бар қала санатына жатқызған күннен бастап алты ай ішінде жарғылық капиталының мөлшерін Қағидалардың 6-тармағы екінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келтіреді.

Ескерту. 2-тарау 6-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Уәкілетті ұйымның Қағидалардың 31-тармағында белгіленген талаптарға жауап беретін, айырбастау пунктін орналастыру үшін үй-жайы, айырбастау пунктінің жұмыс істеуі үшін жабдығы, айырбастау пунктінің қызметкерлері болуға тиіс.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің басқа айырбастау пунктінің орналасқан жері болып табылатын үй-жайда орналасуына жол берілмейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін уәкілетті ұйым " электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны алу үшін өтініш және оған қосымшалар (Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайда) , Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензияға қосымша алуға өтініш (Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайда);

2) Қағидалардың 6-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті ұйымның банк шотына жарғылық капиталына жарна ретіндегі ақшаның есепке жазылуын растайтын екінші деңгейдегі банктің лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес берілген құжаты (оның ішінде клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірме) не уәкілетті ұйымның жарғылық капиталы мөлшерінің қосымша айырбастау пунктін ескере отырып белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын, Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензияға қосымша алуға өтініш берген айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша қаржылық есептілік (Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайда);

3) кассирдің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткенін растайтын құжаттың көшірмесі не Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасында көзделген және қызметкердің қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша кассир ретінде кемінде алты ай еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (нотариат куәландырған).

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Уәкілетті ұйымдарды лицензиялау тәртібі және талаптары

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Уәкілетті ұйым лицензияны және оған қосымшаны алу үшін "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) Қағидалардың 8-тармағында көзделген өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

2) жарғының нотариат куәландырған көшірмесі;

3) "электрондық үкімет" төлемдік шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) банктің шетел валютасындағы банк шотының болуы туралы анықтама.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны және оған қосымшаны Ұлттық Банк филиалы "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қазақ және орыс тілдерінде құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде тиісінше Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша береді. Ұлттық Банк филиалы лицензияны және (немесе) оған қосымшаны беруден бас тартуды Валюталық реттеу туралы заңның 6-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда жүргізеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның болуы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің жұмыс істеуі үшін негіз болып табылады. Уәкілетті ұйым қосымша айырбастау пунктін ашу үшін қолданыстағы лицензияға қосымшаны алады, ол қазақ және орыс тілдерінде құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша беріледі.

12. Уәкілетті ұйым қолданыстағы лицензия және уәкілетті ұйымның тиісті аймақтағы (облыстағы, астанадағы, республикалық мәні бар қалада) филиалы болған кезде ғана уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркелген аймағынан (облыстан, астанадан, республикалық мәні бар қаладан) тыс айырбастау пункттерін ашады.

Айырбастау пункті уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркелген орны аймағынан (облыстан, астанадан, республикалық мәні бар қаладан) тыс ашылған жағдайда, қолданыстағы лицензияның қосымшасын алу үшін уәкілетті ұйымның тиісті филиалы ашылатын айырбастау пунктінің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банк филиалына өтініш жасайды.

13. Қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензияға қосымша алу үшін уәкілетті ұйым немесе оның филиалы "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш берушінің Қағидалардың 8-тармағында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды жібереді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Ұлттық Банк филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін көзделген мерзім ішінде уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің үй-жайына және техникалық жабдықталуына қойылатын талаптарға сәйкестігін қарап тексереді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банк филиалына қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны қайта ресімдеуге мынадай жағдайларда өтініш жасайды:

- 1) уәкілетті ұйым қосылу, бірігу нысанында қайта ұйымдастырылған кезде;
- 2) уәкілетті ұйымның атауы және (немесе) мемлекеттік тіркеу орны өзгерсе.

Уәкілетті ұйым (оның филиалы) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияның қосымшасын қайта ресімдеу үшін мынадай жағдайларда Ұлттық Банк филиалына өтініш жасайды:

- 1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны қайта ресімдеген кезде;
- 2) айырбастау пунктінің нақты орын ауыстыруынсыз орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген кезде.

Ұлттық Банк филиалы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді құжаттардың толық топтамасы "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы ұсынылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде және Рұқсаттар туралы заңның 33 және 34-баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Бұл ретте қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны және (немесе) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге өтініш лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта

ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған күннен бастап "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы күнтізбелік отыз күн ішінде Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

16. Лицензияның дубликатын (лицензия қосымшасының дубликатын) беру және қағаз тасымалдауышта берілген лицензияны (лицензияның қосымшасын) электрондық форматқа аудару Рұқсаттар туралы заңның 43-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Электрондық лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу бойынша электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысымен бекітілген "Уәкілетті ұйымдарға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы Қағидаларда белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Электрондық лицензияны және (немесе) оның қосымшасын алу үшін талап етілетін құжаттар уәкілетті ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталып, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсынылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

18. Уәкілетті ұйым оның филиалын әділет органдарында есептік тіркеген (қайта тіркеген) күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы уәкілетті ұйымның филиалын есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесін қоса отырып, уәкілетті ұйымның мемлекеттік тіркелген орны бойынша Ұлттық Банк филиалына жазбаша хабарлайды.

19. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банк филиалына ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшерінің және (немесе) құрылтайшылары құрамының өзгеруі туралы жарғының жаңа редакциясының немесе жарғыға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулардың көшірмелерін (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариат

куәландырған), сондай-ақ әділет органдарына хабарлау фактісін растайтын құжатты ұсына отырып әділет органдарының тіркеген және (немесе) хабарлаған күнінен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жазбаша хабарлайды.

Жарғылық капиталдың мөлшері ұлғайған жағдайда Қағидалардың 8-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

Құрылтайшылардың құрамы және (немесе) ақшалай нысанда қалыптастырылған жарғылық капиталдың мөлшері өзгерген жағдайда, уәкілетті ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

20. Уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пунктінде айырбастау пунктінің операциялық кассалары санының ұлғаюы туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, бұл туралы Ұлттық Банк филиалына жазбаша хабарлайды.

21. Лицензия және (немесе) лицензияның қосымшасы Рұқсаттар туралы заңның 35-бабында белгіленген жағдайларда өз қолданысын тоқтатады.

22. Ерікті таратылған не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметтен бас тартқан жағдайда, уәкілетті ұйым шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, Ұлттық Банк филиалына жазбаша не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы хабарлайды және лицензияның және лицензияға қосымшалардың түпнұсқаларын қазақ және орыс тілдерінде қайтарады (қағаз нысанында берілген лицензия және лицензияға қосымшалар үшін).

Уәкілетті ұйым өз филиалының қызметін ерікті тоқтатқан жағдайда тиісті шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қызметі тоқтатылатын филиалды есептік тіркеу орны бойынша бұл туралы Ұлттық Банк филиалына жазбаша не "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы хабарлайды және уәкілетті ұйымның қызметін тоқтататын филиалының айырбастау пункттеріне берілген лицензияға қосымшалардың қазақ және орыс тілдеріндегі түпнұсқаларын қайтарады (қағаз нысанында берілген лицензияға қосымшалар үшін).

Айырбастау пунктін жапқан жағдайда, уәкілетті ұйым (оның филиалы) айырбастау пункті жабылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк филиалына қабылданған шешім туралы жазбаша не "электрондық үкіметтің"

веб-порталы арқылы хабарлайды және лицензияға қосымшаның қазақ және орыс тілдеріндегі түпнұсқасын қайтарады (қағаз нысанында берілген қосымша үшін).

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияның және (немесе) оның қосымшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған не уәкілетті ұйым лицензиядан айырылған жағдайда, Ұлттық Банк филиалының шешімі Қағидалардың 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ресімделеді және оны Ұлттық Банк филиалының басшысы бекітеді.

Ұлттық Банк филиалының тиісті шешімінің көшірмесі уәкілетті ұйымға шешім қабылданған күні жіберіледі.

Уәкілетті ұйым Ұлттық Банк филиалы шешімінің көшірмесін алған сәттен бастап және Ұлттық Банк филиалының шешімінде көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін:

1) лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – оған тиесілі барлық айырбастау пункттерінің қызметін;

2) лицензия қосымшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда – айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұрады.

Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-тарау. Уәкілетті банктердің айырбастау пункттерін ашу, қызметін тоқтата тұру, жаңарту, жабу туралы хабарлау тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Айырбастау пункттері қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғалар болып табылатын уәкілетті банктерді ашады.

25. Уәкілетті банк (оның филиалы) айырбастау пункттерін, оның ішінде автоматтандырылғандарын тек уәкілетті банктің (оның филиалының) орналасқан жері аймағының (облыстың, астананың немесе республикалық мәні бар қаланың) шегінде ғана ашады.

26. Айырбастау пунктін, оның ішінде автоматтандырылғанын ашқан немесе жапқан кезде, уәкілетті банк (оның филиалы) Ұлттық Банк филиалына уәкілетті

банктің айырбастау пункті қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы Қағидаларға 8-қосымшада белгіленген нысан бойынша хабарлама жібереді.

Ұлттық Банк филиалы айырбастау пункті қызметінің басталғаны туралы хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке (оның филиалына) уәкілетті банктің айырбастау пунктінің куәлігін Қағидаларға 9-қосымшаның нысаны бойынша береді.

26-1. Уәкілетті банктің айырбастау пунктінің куәлігі жоғалған, бүлінген жағдайда Ұлттық Банк филиалы уәкілетті банктен (оның филиалынан) жазбаша өтініш түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, уәкілетті банктің айырбастау пунктінің бастапқы куәлігінің нөмірі мен күнін, сондай-ақ жоғарғы оң жақ бұрышында "Телнұсқа" жазбасын және телнұсқа берілген күнді көрсете отырып уәкілетті банктің айырбастау пунктінің куәлігінің телнұсқасын береді.

Ескерту. 4-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26-2. Уәкілетті банктің айырбастау пунктінің бұрын берілген куәлігінде кателер анықталған жағдайда уәкілетті банк (оның филиалы) кателерді түзету туралы еркін нысанда өтініш береді.

Ұлттық Банк филиалы уәкілетті банк (оның филиалы) тиісті өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, уәкілетті банктің айырбастау пунктінің бастапқы куәлігінің нөмірі мен күнін көрсете отырып уәкілетті банктің айырбастау пунктінің тиісті түзетулер көрсетілген куәлігін береді.

Ескерту. 4-тарау 26-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Айырбастау пункті қызметінің басталғаны туралы хабарлама айырбастау пункті операцияларды жүргізе бастағанға дейін жіберіледі және уәкілетті банктің ашылатын айырбастау пунктінің Қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы растауы болып табылады.

Айырбастау пункті қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлама айырбастау пункті соңғы операцияны жүргізгеннен кейінгі келесі жұмыс күні жіберіледі. Бұл ретте уәкілетті банктің айырбастау пункті куәлігінің қағаз нысанында берілген, қазақ және орыс тілдеріндегі түпнұсқасы және (немесе) телнұсқасы айырбастау пункті қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банк филиалына қайтарылуға жатады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Уәкілетті банк (оның филиалы) айырбастау пунктінің қызметін тоқтата тұру, жаңарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, уәкілетті банктің айырбастау пункті куәлігінің нөмірі мен күнін көрсете отырып Қағидалардың 39-тармағында көзделген тәртіппен бұл туралы Ұлттық Банк филиалына хабарлайды.

29. Айырбастау пункті қызметінің басталуы туралы бұрын ұсынылған хабарламада хабарламаны толтыру үшін міндетті мәліметтер немесе деректер өзгерген жағдайда, уәкілетті банк (оның филиалы) өзгерістер болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің тиісті филиалына Қағидалардың 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша осындай өзгерістер туралы хабарламаны жібереді.

Ұлттық Банк филиалы өзгерістер туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде уәкілетті банкке (оның филиалына), егер мұндай өзгерістер уәкілетті банктің айырбастау пунктінің бұрын берілген куәлігінде көрсетілген деректерді өзгертуге әкелсе, Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті банктің айырбастау пунктінің куәлігін береді.

30. Айырбастау пункті қызметінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы, сондай-ақ айырбастау пункті қызметінің басталуы туралы хабарламада көрсетілген мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлама осындай хабарламаны қабылдауды қамтамасыз ететін ақпарат жүйесі жұмыс істеген жағдайда, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық тәсілмен ұсынылады.

Хабарламаны қабылдауды қамтамасыз ететін ақпарат жүйесі жұмыс істемеген кезде хабарлама қағаз нысанда жіберіледі.

5-тарау. Айырбастау пункттеріне қойылатын талаптар және олардың жұмыс істеу шарттары

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Айырбастау пунктінің (автоматтандырылған айырбастау пунктін қоспағанда) үй-жайына, жабдығына және қызметкерлеріне қойылатын талаптар:

1) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8080 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 250 қаулысымен бекітілген Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларында

белгіленген талаптарға сәйкес айырбастау пунктiнiң үй-жайын күзетудi ұйымдастыру және жайластыру;

2) айырбастау пунктiнiң операциялық кассасы күнтізбелік отыз күн бойы ақпараттың жазылуын және сақталуын қамтамасыз ететін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады, бұл ретте бейнебақылаудың көру аймағында кассирдің жұмыс аймағы және клиент болуға тиіс, ал тиісті қондырғылар бейнебақылау үшін бөгеттің болмауын қамтамасыз ететін жерлерде орнатылады;

3) кассирдің жұмыс орны Қағидалардың талаптарына сәйкес айырбастау операцияларының есебін жүргізу үшін компьютерлік жүйемен не бақылау-касса аппаратымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен, сондай-ақ банкнотты ультракүлгін жарықпен тексеруді (қағаздың люминесценциясын бақылау және өзге) және банкнотты магниттік белгілердің болуына тексеруді қамтамасыз ететін ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдармен жабдықталады;

4) қолма-қол шетел валютасымен жұмыс бойынша дайындықтан өткен не қолма-қол шетел валютасымен кемінде алты ай жұмыс тәжірибесі бар кассир.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға айырбастау пунктiнiң қызметін жүзеге асыру процесінде айырбастау пунктiнiң үй-жайында орнатылған жабдықтың жұмыс істеуін, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасының талаптарына сәйкес бейнебақылау жүйесінің ақпаратын жазуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Айырбастау пунктiнiң үй-жайы айырбастау пунктiнiң бірнеше операциялық кассаларымен жабдықталуы мүмкін.

33. Автоматтандырылған айырбастау пунктi айырбастау операциясын жасау кезінде төмендегі тәсілдермен банкноттар түпнұсқалығын анықтау функцияларын іске асыруды қамтамасыз етеді:

Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы банкнотының екі жағынан көрінетін бейнесінің Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған ресми сипаттамасына сәйкес келуін тексеру;

арнайы бояумен басылған сериясы мен нөмірінде ферромагниттік құрамдастардың болуын тексеру;

банкнотты ультракүлгін сәулемен тексеру (қағаздың люминесценциясын тексеру және өзгесі).

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Банк заңнамасына сәйкес уәкілетті банк жүргізетін айырбастау операциялары мен өзге банктік операцияларды қатар жүргізу, айырбастау операцияларын өзге банктік операциялардан жеке есепке алуды жүргізуге мүмкіндік беретін компьютерлік жүйе болған кезде, уәкілетті банктің (оның филиалының) үй-жайында орналасқан айырбастау пунктінде жол беріледі.

35. Әрбір айырбастау пунктінде клиенттерге көрінетін қолжетімді жерде мынадай ақпарат орналастырылады:

1) лицензияны алу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес талап етілмеген жағдайларды қоспағанда, қазақ және орыс тілдеріндегі қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензияның көшірмесі;

2) уәкілетті ұйымдар үшін – Ұлттық Банктің филиалы осы айырбастау пунктіне берген қолданыстағы лицензияға қолданыстағы қосымшаның көшірмесі ;

3) уәкілетті банктер үшін – Ұлттық Банк филиалының осы айырбастау пунктіне берген уәкілетті банктің айырбастау пункті куәлігінің көшірмесі (уәкілетті банк осындай куәлікті алғаннан кейін);

4) айырбастау пунктінің жұмыс режимі;

5) айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату жөніндегі операциялар жүргізілетін әрбір шетел валютасы үшін белгіленген теңгемен қолма-қол шетел валютасын сатып алу бағамы және (немесе) сату бағамы туралы мәліметтерден тұратын, клиенттерге арналған ақпараттық стенд (биіктігі кемінде 0,4 метр және ені 0,4 метр көлемінде);

6) айырбастау пунктінің клиенттеріне арналған, айырбастау пунктінің қызметіне бақылауды жүзеге асыратын Ұлттық Банк филиалы туралы және осы айырбастау пунктінің жұмысына ескертулер болған кезде Ұлттық Банк филиалы атына шағым жіберу мүмкіндігі туралы мәліметтер қамтылатын, Қағидаларға 10-қосымшағанысан бойынша ақпарат;

7) айналысқа жарамды және айналысқа жарамсыз банкноттардың негізгі белгілері туралы, сондай-ақ төлемге немесе айналысқа жіберуге жарамсыз шетел валютасының банкноттарын инкассоға қабылдау тәртібі мен талаптары туралы ақпарат;

8) Ұлттық Банктің осы актінің қолданылу кезеңінде айырбастау пункттері арқылы жүргізілетін операциялар бойынша шетел валютасын теңгемен сатып алу бағамының сату бағамынан ауытқу шектерін белгілейтін актісінің көшірмесі;

9) клиенттерге қызмет көрсетуді жүзеге асыратын кассир туралы ақпарат (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса)).

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Айырбастау пунктiнiң үй-жайында мынадай құжаттар сақталады:

1) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) басшысының тиісті тұлғаны кассир қызметіне қабылдау және (немесе) тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;

2) айырбастау пунктi кассирiнiң қолма-қол шетел валютасымен жұмыс iстеу бойынша арнайы даярлықтан өткенiн куәландыратын құжаттың көшірмесі не айырбастау пунктi кассирiнiң қолма-қол шетел валютасымен кемінде 6 (алты) ай жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) айырбастау пунктi кассирiнiң жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) айырбастау пунктi кассирiнiң осы құжатпен танысу туралы белгісі бар, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес әзірленген және қабылданған, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның ішкі бақылау қағидаларының көшірмесі.

Сондай-ақ уәкілетті ұйымдармен сатып алу, сату бағамдарын және кросс-бағамдарды белгілеу туралы өкімдер шығаруға құқығы бар басшының және өзге тұлғалардың қол қою үлгілері бар құжат, бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасының көшірмесі және Қағидалардың 43-1-тармағында көрсетілген уәкілетті банкпен шарттың көшірмесі сақталады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Айырбастау пункттері операциялық кассаларының үй-жайларында бөгде адамдардың болуына рұқсат етілмейді.

Кассирлердің өз ақшасы, сырт киімі және басқа заттары арнайы бөлінген бөлмеде немесе айырбастау пункттері операциялық кассаларының үй-жайларынан тыс орналастырылған шкафтарда сақталады.

38. Егер туындаған мән-жайлар (техникалық іркіліс, бұзылу немесе басқа да себептер) нәтижесінде айырбастау пунктiнiң үй-жайы, айырбастау пунктiнiң

жұмыс істеуіне арналған жабдық және (немесе) айырбастау пунктiнiң қызметкерлерi Қағидалардың 31-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, айырбастау пунктiнде айырбастау операциялары жүргiзiлмейдi.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктiнiң қызметi күнтізбелік он күннен асатын мерзімге уақытша тоқта тұрған, сондай-ақ айырбастау пунктiнiң қызметi қайта басталған жағдайда, заңды тұлға (оның филиалы) айырбастау пунктiнiң қызметін тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл жайлы айырбастау пунктi орналасқан орын бойынша Ұлттық Банктің филиалына көрсетілген шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, жазбаша хабарлайды.

Айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша айырбастау пунктiнiң тоқтата тұру мерзімі кейінгі он екі айдан аспауға тиіс.

6-тарау. Айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасымен операциялар жүргізу

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Айырбастау пункттерi бағамдарды белгілеу туралы өкiмнiң негiзiнде белгіленген сатып алу, сату бағамдарына сәйкес қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операцияларды жүргізеді.

Бағамдарды белгілеу туралы өкiмде осы өкiмнiң қолданылуы басталатын күн мен уақытты (сағатпен және минутпен белгіленетін) көрсете отырып, айырбастау пунктiнде айырбастау операциялары жүргізілетін валюталардың барлық түрлері үшін сатып алу, сату бағамдары болады.

Бағамдарды белгілеу туралы бiр өкiмде жүргізілетін айырбастау операцияларының сомасына байланысты бiр мезгiлде әр түрлi бағамдар белгілеуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Бағамдарды белгілеу туралы өкімді міндетті түрде нөмірін, шығару күнін және уақытын (сағатпен және минутпен белгіленетін) көрсете отырып, қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге тұлға шығарады.

Уәкілетті ұйым басшысының бағамдарды белгілеу туралы өкімдерді шығаруға өкілеттігін өзге тұлғаға беру уәкілетті ұйым басшысының бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар бір заңды тұлғаның (оның филиалының) әр түрлі айырбастау пункттерінде әр түрлі бағамдарды белгілеуге рұқсат етіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Бағамдарды белгілеу туралы өкім қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) төмендегілерді көздейтін компьютерлік жүйені пайдаланған жағдайда электрондық түрде (бұдан әрі – электрондық өкім) шығарылады:

айырбастау пункттеріне бағамдарды белгілеу туралы электрондық өкімді орталықтандыра жіберу;

электрондық өкімді шығарған тұлғаны сәйкестендіру мүмкіндігі;

осы тармақта көрсетілген мерзім ішінде электрондық өкімдерді сақтау.

Бағамдарды белгілеу туралы өкім қағаз нысанда айырбастау пункті қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға (оның филиалы) орналасқан жерде орналасқан жағдайда бір дана етіп шығарылады. Өзге жағдайларда бағамдарды белгілеу туралы өкімнің бір данасы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар бір заңды тұлғада (оның филиалында) қалады және осындай өкім шығарылған әр айырбастау пунктіне өкімнің бір-бір данасы жіберіледі.

Өкімдердің көрсетілген даналары үш жыл бойы сақталады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату бағамының өзгеруі бағамдарды белгілеу туралы жаңа өкімді шығару негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте бағамдарды белгілеу туралы жаңа өкімнің қолданылуы басталғаннан бастап алдыңғы өкімнің күші жойылады.

Егер бағамдарды белгілеу туралы өкім айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін валюталардың жекелеген түрлері бойынша сатып алу, сату бағамын өзгерту мақсатында шығарылса, онда бағамдарды белгілеу туралы шығарылатын өкімде сатып алудың және сатудың өзгертілген бағамдары бойынша, сол сияқты айырбастау пункті үшін сатып алудың және сатудың басқа қолданыстағы бағамдары бойынша ақпарат болуға тиіс.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43-1. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктін қолма-қол ұлттық және (немесе) шетел валютасымен толықтыру жеке тұлғалармен операциялар есебінен және уәкілетті банкпен шарт негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 43-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 28.01.2016 № 55 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Валюталарды сатып алу, сату бағамдары клиенттерге арналған ақпараттық стендте айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін валюталардың барлық түрлері бойынша бағамдарды белгілеу туралы өкімнің бүкіл қолданылу кезеңі ішінде орналастырылады.

Айырбастау пунктінің кассасында қолма-қол шетел валютасы болмаған жағдайда, осы қолма-қол шетел валютасының түрі үшін сату бағамы ақпараттық стендте орналастырылмайды.

Айырбастау пунктінің кассасында қолма-қол ұлттық валюта болмаған жағдайда, айырбастау пунктінде айырбастау операциялары жүргізілетін қолма-қол шетел валютасының барлық түрлері үшін сатып алу бағамы ақпараттық стендте орналастырылмайды.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

45. Айырбастау пунктіне айналыстағы ақша белгілерін қабылдау кезінде номиналы және эмиссия жылдары бойынша шектеулер қоюына, сондай-ақ айырбастау пунктінде айырбастау операциясын жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол шетел валютасы және қолма-қол ұлттық валюта болған кезде жеке тұлғаларға айырбастау операциясын жүргізуден бас тартуға жол берілмейді.

Жеке тұлғаға айырбастау пунктінде сатып алу және (немесе) сату бағамдары белгіленген қолма-қол ұлттық немесе қолма-қол шетел валютасының болмауы себебінен айырбастау операциясын жүргізуден бас тартылған жағдайда, айырбастау пунктінің кассирі жеке тұлғаның талап етуі бойынша айырбастау пунктінде жоқ валютаның түрін және сомасын, анықтама берілген күнді және

уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға айырбастау пунктінің кассирі қол қояды және қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

46. Айырбастау пункті (оның ішінде автоматтандырылған) айырбастау операциясының жүргізілгенін Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес бақылау чегін бере отырып растайды.

47. Эмитенттің елінде заңды төлем құралы болып табылатын қолма-қол шетел валютасы Қағидаларда белгіленген тәртіпте комиссиялық сыйақы алынбастан, сатып алуға, сатуға, айырбастауға жатады.

Ұлттық Банк айырбастаудың ерекше тәртібін белгілейтін жағдайларды қоспағанда, бұрынғы жылдары шығарылған шетел валютасын кейінгі жылдардағыға айырбастау үшін комиссиялық сыйақы алынбайды.

48. Заңды төлем құралының негізгі белгілеріне банкнотта эмиссиялаған банк атауының, нөмірі мен сериясының, цифрлармен және жазумен номиналының, бет және сырт жақтарының негізгі суретінің, сондай-ақ қолдан жасаудан қорғау элементтерінің (ультракүлгін сәуле түсіргенде көрінетін конфеттиді, қорғаныш жіптерін, микромәтінді, люминесцирлейтін суреттерді және басқаларды қоса алғанда, сутамғы белгі, магниттік белгілер, қағазға енгізілген түрлі-түсті талшықтар және басқада қолдан жасаудан қорғау элементтер) болуы жатады.

Валютаның эмитент елі шығарылған банкноттарға өзге не қосымша талаптар белгілеуі мүмкін.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға, (оның филиалы) банкноттардың түпнұсқалығын және төлем жасауға қабілеттігін анықтау жөніндегі анықтамалық және ақпараттық материалдарды осы өнім түрін көбейтумен айналысатын тұлғалардан дербес сатып алады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48-1. Мынадай бүлінулері бар:

1) банкноттың бейнесін айқындауға мүмкіндік беретін шамалы дәрежеде ескірген және ластанған;

2) егер жыртылған бөліктер сөзсіз бір банкнотқа тиесілі болса, желімделген жыртық бұрыштары немесе бөліктері бар (көлемі бір шаршы сантиметрден аспайтын);

3) банкноттың ені бойынша бір сантиметрден, ұзындығы, қиғаш сызығы бойынша төрт сантиметрден аспайтын, үш жыртықтан (оның ішінде желімделгендер) аспайтын;

4) егер олар банкноттардың түпнұсқалығын айқындауға кедергі келтірмесе және Қағидалардың 48-тармағында көрсетілген белгілердің елу пайызынан астам жаппаса, ұсақ майлы және басқа дақтары, жазбалар және мөртабандардың таңбасы бар (банкноттың тесілгені немесе банкноттың түпнұсқа емес немесе үлгі болып табылатынын куәландыратын мөртабандарды қоспағанда, екі мөртабаннан, жазбалардан аспайтын);

5) тесік диаметрі бір миллиметрден аспайтын кемінде екі тесігі бар банкноттар айналысқа жарамды заңды төлем құралдары болып танылады.

Ескерту. 6-тарау 48-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Егер банкноттар Қағидалардың 48-1-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмесе және (немесе) мынадай бүлінулері болса:

- 1) бөлшектеліп жыртылған (оның ішінде желімделген);
- 2) бастапқы түсін жоғалтқан немесе оңып кеткен;
- 3) жанған немесе күйдірілген;

4) тұтас немесе едәуір дәрежеде (айналысқа жарамды заңды төлем құралының негізгі белгілерінің бірінің елу пайыздан астамы) бояу, сия, май төгілген;

5) ультракүлгін сәуле түсіргенде қағаздың жылтырауына әкеп соғатын сыртқы әсерлерге ұшыраған;

6) қасақана сипаттағы едәуір бүлінген (негізгі суреттері, атап айтқанда адамдардың портреттері өзгерген, қорғаныш жібі жойылған, едәуір жазбалардың болуы, оның ішінде ультракүлгін сәуле түсіргенде көрінетін, екі мөртабанның іздері және банкноттың өтелгені туралы немесе түпнұсқа емес немесе үлгі болып табылатыны туралы растайтын мөртабан, диаметрі бір миллиметрден астам екіден артық тесіктері бар);

7) баспадан кеткен анық ақауы бар банкноттар (сутамғы белгісінің немесе қорғаныш жіптің болмауы немесе дұрыс орналаспауы, бейнелердің басылмауы немесе бұлыңғыр болуы);

8) геометриялық өлшемдердің азаюы жағына, сол сияқты ұлғаюы жағына үш миллиметрден артық өзгеруі;

9) банкнот бейнесінің көрінбей кетуіне әкеліп соғатын едәуір ескірген және (немесе) ластанған жерлері бар;

10) едәуір жұмсарған және (немесе) қаттылығын жоғалтқан банкноттар айналысқа жарамсыз болып танылады.

Тиісті шет мемлекеттің эмитент банкі жариялаған күнінен кейін айналыстан шығарылған банкноттар төлемге жарамсыз деп танылады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Төлемге жарамайтын, сондай-ақ айналысқа жарамсыз банкноттарды сатып алуды және ауыстыруды шетел банктерімен тиісті шетел валюталарымен инкассалық операцияларды жүзеге асыру бойынша корреспонденттік қатынастары және (немесе) шарттық қатынастары бар уәкілетті банктер жүзеге асырады.

Уәкілетті банктер ауыстыру тәртібімен сатып алған және қабылдаған төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз банкноттарды клиенттерге сатуға болмайды және олар эмитент банктерге (шетел банктеріне) инкассоға жіберілуге немесе оларға қызмет көрсететін банктер арқылы инкассоға тапсырылуға тиіс.

Уәкілетті банктер өздерінің айырбастау пункттері арқылы шетел валютасының төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз банкноттарын инкассоға қабылдаған жағдайда клиенттерге комиссиялық сыйақының мөлшері (клиенттің барлық шығыстары кіретін) және эмитент банктердің көрсетілген банкноттарды айырбастаудан бас тарту мүмкіндігі туралы ескертеді, сондай-ақ клиенттен инкассоның талаптарына жазбаша келісімін алады. Эмитент банк (шетел банкі) жіберілген шетел валютасын айырбастаудан бас тартқан жағдайда, уәкілетті банктер клиентке тиісті растайтын құжаттарды ұсынады.

Төлемге жарамайтын немесе айналысқа жарамсыз банкноттарды айырбастағаны, сатып алғаны, инкассоға қабылдағаны үшін комиссиялық сыйақыны уәкілетті банктер дербес белгілейді, бірақ ол айырбастауға (сатып алуға, инкассоға қабылдауға) ұсынылатын банкноттардың номиналдық құнының он пайызынан аспауға тиіс.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Айырбастау пунктінде жүргізілетін әрбір айырбастау операциясы аяқталғаннан кейін электрондық түрде жүргізілетін және Қағидаларға 11-қосымшада белгіленген нысан бойынша сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында (бұдан әрі – тізілімдер журналы) белгіленген барлық деректемелер мен көрсеткіштерді қамтитын сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының тізілімдері журналында ескеріледі.

Тізілімдер журналы айырбастау пунктінің әрбір операциялық кассасында және компьютерлік жүйе шеңберінде әрбір автоматтандырылған айырбастау пунктінде жеке-жеке жүргізіледі. Бұл ретте тізілімдер журналын қалыптастырудың бағдарламалық-аппараттық құралдары күн сайынғы түзетілмейтін тіркеуді және жасалған айырбастау операциялары жөніндегі

ақпараттың энергияға тәуелсіз сақталуын оларды жасаған күннен бастап бес жыл ішінде қамтамасыз етеді.

Уәкілетті ұйымдар үшін осы тармақтың талаптарын ескеріп, тізілімдер журналын бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып электрондық түрде жүргізуге жол беріледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

52. Бір күн ішінде бағам өзгерген жағдайда тізілімдер журналында қолма-қол шетел валютасын сатып алудың және сатудың жаңа бағамы бойынша операцияларды жүргізу басталғанға дейін сатып алынған және сатылған қолма-қол шетел валютасының көлемдері бойынша аралық қорытынды жасалады. Айырбастау пунктінің жұмыс күні аяқталғаннан кейін бір күн ішінде жүргізілген операциялар бойынша тізілімдер журналында қорытындылар көрсетіледі және ақша қалдығы шығарылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Айырбастау операциясын жүргізу бағамы бойынша бес жүз мың Қазақстан теңгесі баламасынан асатын сомаға айырбастау операциялары бойынша тізілімдер журналында мыналар көрсетіледі:

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (аты мен әкесінің аты (ол бар болса) толық көрсетіледі), құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі);

жеке сәйкестендіру нөмірі (ол бар болса);

заңды мекенжайы.

Автоматтандырылған айырбастау пункті үшін бір рет жүргізілген айырбастау операциясының сомасы айырбастау операциясын жүргізу бағамы бойынша бес жүз мың Қазақстан теңгесі баламасынан аспайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Уәкілетті банктер ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 7-не дейінгі (қоса алғанда) мерзімде Ұлттық Банктің филиалына Қағидаларға 12-қосымшада белгіленген "Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды береді.

Есеп уәкілетті банктің әр филиалы бойынша жеке қалыптастырылады және Ұлттық Банктің тиісті филиалына дербес ұсынылады.

Ескерту. 55-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56. Уәкілетті ұйымдар ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 7-не дейінгі (қоса алғанда) мерзімде Ұлттық Банктің филиалына Қағидаларға 13-қосымшада белгіленген "Шетел валютасының қозғалысы және айырбастау пункттері арқылы жүргізілген айырбастау операциялары туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды береді.

Уәкілетті ұйымның әрбір филиалы есепті дербес қалыптастырады және өзі орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

56-1. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлғаның (оның филиалының) бастамасы бойынша барлық жұмыс істеп тұрған айырбастау пункттерінің қызметі күнтізбелік отыз күннен астам мерзімге уақытша тоқтатылған жағдайда, Қағидалардың 55 және 56-тармақтарында көзделген есептерді ұсыну барлық есепті мерзім ішінде жүргізілген операциялар болмаған және Қағидалардың 39-тармағында көзделген тәртіппен хабарлама жіберілген жағдайда талап етілмейді.

Ескерту. 6-тарау 56-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Бір шетел валютасын басқаға айырбастау тізілімдер журналында және Қағидаларда көзделген есептілік нысандарын жасаған кезде екі операция түрінде көрсетіледі:

айырбастау пунктінiң бiр шетел валютасын осы айырбастау пунктiнiң осы валютаның түрін сатып алу бағамы бойынша теңгемен сатып алуы;

айырбастау пунктiнiң басқа шетел валютасын осы айырбастау пунктiнiң осы валютаның түрін сату бағамы бойынша теңгемен сатуы.

58. Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға құқығы бар заңды тұлға шет мемлекеттерінің (мемлекеттер

тобының) монеталарын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізу жөніндегі шешімді дербес қабылдайды.

6-1 тарау. Құймалардағы аффинирленген алтынмен операциялар жүргізу

Ескерту. Қағида 6-1-тараумен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58-1. Уәкілетті ұйым құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын өзінің айырбастау пункттері арқылы Қағидаларда белгіленген тәртіпте жүзеге асырады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің кассасын құймалардағы аффинирленген алтынмен толықтыру жеке тұлғалардан құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу операциялары есебінен және құймалардағы аффинирленген алтынды Ұлттық Банктен тиісті сатып алу-сату шартының негізінде жүзеге асырылады.

Өзінің айырбастау пункттері арқылы құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүзеге асыратын уәкілетті ұйым осындай құймаларды сатып алу және (немесе) сату құны бар мәліметтерді ақпараттық стендте орналастырады.

58-2. Құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату кезінде уәкілетті ұйым ультракүлгін жарықта люминесценцияның бақылауын қамтамасыз ететін техникалық құралды қолдану арқылы, сондай-ақ кемінде 10 (он) есе артуын қамтамасыз ететін оптикалық аспапты қолдана отырып құймалардағы аффинирленген алтынның арнайы қаптамасының тұтастылығын және қорғау элементтерін тексереді.

58-3. Құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату бойынша операциялар уәкілетті ұйым құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы өкімде бекіткен құны бойынша жүзеге асырылады. Құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы өкімді міндетті түрде нөмірін, шығару күнін және уақытын (сағатпен және минутпен белгіленетін) көрсете отырып, уәкілетті ұйымның басшысы немесе осындай өкілеттіктер берілген өзге тұлға шығарады.

Уәкілетті ұйым басшысының құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы өкімдерді шығаруға өкілеттігін өзге тұлғаға беру уәкілетті ұйым басшысының бұйрығы негізінде ғана жүргізіледі.

58-4. Құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы өкімде белгіленген құймалардағы аффинирленген алтынның сатып алу және (немесе)

сату құны туралы ақпарат клиенттерге арналған ақпараттық стендте оның бүкіл қолданылу кезеңі ішінде орналастырылады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң кассасында құймалардағы аффинирленген алтыны болмаған жағдайда, оларды сату құны туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ақпараттық стендiнде орналастырылмайды. Айырбастау пунктiнiң кассасында қолма-қол ұлттық валюта болмаған жағдайда құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу құны туралы ақпарат уәкілетті ұйымның ақпараттық стендiнде орналастырылмайды.

58-5. Уәкілетті ұйымның құймалардағы аффинирленген алтынның түрлері бойынша шектеулер белгілеуіне, сондай-ақ айырбастау пунктiнде мұндай құймаларды сатып алу және (немесе) сату операцияларын жүргізу үшін қажетті сомада қолма-қол ұлттық валюта болған кезде жеке тұлғаларға мұндай операцияны жүргізуден бас тартуға жол берілмейді.

58-6. Уәкілетті ұйым құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алуды, сатуды бүтін арнайы қаптамада жүзеге асырады.

58-7. Айырбастау пунктiнде қолма-қол ұлттық валютаның жоқтығына байланысты жеке тұлғаға құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алудан бас тартылған жағдайда және уәкілетті ұйымның ақпараттық стендiнде осындай алтынның сатып алу құны туралы ақпарат болса, айырбастау пунктiнiң кассирі жеке тұлғаның талап етуі бойынша айырбастау пунктiнде жоқ осындай алтынның түрін, құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы өкімге сәйкес құнын және ұлттық валютадағы сомасын, анықтама берілген күнді және уақытын көрсете отырып, еркін нысандағы анықтаманы береді. Анықтамаға уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң кассирі қол қояды және уәкілетті ұйымның ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен тіркеледі.

58-8. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктi құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату операциясының жүргізілгенін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 166-бабының 6-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бақылау чегін бере отырып растайды.

58-9. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнде жүргізілетін әрбір құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату операциясы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құймалардағы аффинирленген алтынмен жасалатын операцияларды есепке алудың электрондық журналында (бұдан әрі – құймалардағы аффинирленген алтынмен жасалған операцияларды есепке алу журналы) есепке алынады.

Құймалардағы аффинирленген алтынмен жасалатын операцияларды есепке алу журналы бағдарламалық қамтамасыз ету шеңберінде айырбастау пунктiнiң әрбір операциялық кассасында бөлек жүргізіледі. Бұл ретте құймалардағы

аффинирленген алтынмен жасалатын операцияларды есепке алу журналын қалыптастырудың бағдарламалық-аппараттық құралдары жасалған операциялар бойынша ақпараттың түзетілмейтін күн сайынғы тіркелуін және энергияға тәуелсіз сақталуын оларды жасаған күннен бастап бес жыл ішінде қамтамасыз етеді.

Құймалардағы аффинирленген алтынмен жасалатын, сомасы екі миллион Қазақстан теңгесінен асатын операциялар бойынша, құймалардағы аффинирленген алтынмен жасалатын операцияларды есепке алу журналында мыналар көрсетіледі:

клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (аты мен әкесінің аты (ол бар болса) толық көрсетіледі), құжаттың түрі, берілген күні, құжаттың нөмірі, қолданылу мерзімі);

жеке сәйкестендіру нөмірі (ол бар болса);

заңды мекенжайы.

58-10. Құймалардағы аффинирленген алтын құнының өзгеруі осындай алтынның құнын белгілеу туралы жаңа өкімді шығару негізінде ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте құймалардағы аффинирленген алтынның құнын белгілеу туралы жаңа өкімнің қолданылуы басталғаннан бастап алдыңғы өкімнің күші жойылады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің жұмыс уақыты барысында құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу және (немесе) сату құнын өзгертетін жаңа өкімді шығарған жағдайда құймалардағы аффинирленген алтынмен операцияларды есепке алу журналында осындай алтынмен жасалған операциялар көлемдері бойынша аралық қорытынды жаңа құнымен операцияларды жүргізу басталғанға дейін жасалады. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жұмыс уақыты ішінде жүргізілген операциялар бойынша құймалардағы аффинирленген алтынмен операцияларды есепке алу журналында қорытындылар көрсетіледі және ақша қалдығы шығарылады.

58-11. Есепті ай ішінде құймалардағы аффинирленген алтынмен операциялар жүзеге асырылған жағдайда уәкілетті ұйымдар есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейінгі (қоса алғанда) мерзімде Ұлттық Банктің филиалына Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес әкімшілік деректер жинауға арналған "Айырбастау пункттері арқылы жүргізілген құймалардағы аффинирленген алтынмен операциялар туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – құймалардағы аффинирленген алтынмен операциялар туралы есеп) береді.

Уәкілетті ұйымның әрбір филиалы құймалардағы аффинирленген алтынмен операциялар туралы есепті дербес қалыптастырады және өзі орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

58-12. Арнайы қаптамасы ашылған, сондай-ақ арнайы қаптамасы жоқ құймалардағы аффинирленген алтынды сатуға жол берілмейді.

Арнайы қаптамасы ашылған, сондай-ақ арнайы қаптамасы жоқ құймалардағы аффинирленген алтынды қабылдауды Ұлттық Банкпен оларды сатып алуға шарттық қатынастары бар уәкілетті ұйымдар жүзеге асырады.

Арнайы қаптамасы ашылған, сондай-ақ арнайы қаптамасы жоқ құймалардағы аффинирленген алтын жеке тұлғаның өтініші негізінде сатып алу үшін Ұлттық Банкке жіберіледі.

Арнайы қаптамасы ашылған және арнайы қаптамасы жоқ құймалардағы аффинирленген алтын қабылданған жағдайда уәкілетті ұйымдар жеке тұлғаны мұндай алтынды сатып алу мақсатында Ұлттық Банкке оны жібергені үшін комиссиялық сыйақы алатыны туралы хабардар етеді.

Уәкілетті ұйым арнайы қаптамасы ашылған және арнайы қаптамасы жоқ құймалардағы аффинирленген алтынды сатып алу мақсатында оларды Ұлттық Банкке жібергені үшін құймалардағы аффинирленген алтынның номиналды құнының 10 (он) пайызынан аспайтын комиссиялық сыйақыны дербес белгілейді.

7-тарау. Өтпелі ережелер

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.09.2017 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

59. Қағидалар қолданысқа енгізілген күнінен бастап уәкілетті ұйымға бұрын шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензия Рұқсаттар туралы заңның 33-бабының 6-тармағында көзделген негіз бойынша қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі лицензияға қайта ресімделуге жатады. Лицензияға тиісті қосымшаларды беру Қағидалар қолданысқа енгізілген күні Ұлттық Банктің филиалында бар құжаттардың негізінде айырбастау пунктінің тіркеу куәлігі бар айырбастау пункттері үшін жүзеге асырылады.

Егер Қағидалар қолданысқа енгізілген күні уәкілетті ұйымының айырбастау пункті болмаса, онда бұрын шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензия қайта ресімделуге жатпайды және Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданылуын тоқтатады.

Ескерту. 59-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60. Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін айырбастау пунктін тіркеген уәкілетті банк (оның филиалы) айырбастау пункті қызметінің басталуы туралы хабарлама жіберген болып саналады.

Бұл ретте Ұлттық Банктің филиалдары уәкілетті банктің айырбастау пунктінің куәлігін Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде береді.

Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.03.2015 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Уәкілетті ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер

(уәкілетті ұйымның атауы)

1. Жеке тұлғалар:

Р/с №	Тегі, аты және, бар болса, әкесінің аты	Туылған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері	ЖСН* (резиденттер үшін)	Тұратын жері	Жарғылық капиталдағы үлесі	
						%-бен	сомасы

2. Заңды тұлғалар:

Р/с №	Заңды тұлғаның атауы	Ұйымдық құқықтық нысаны	БСН** (резиденттер үшін)	Орналасқан жері	Жарғылық капиталдағы үлесі	
					%-бен	сомасы

Осы арқылы уәкілетті ұйым құрылтайшыларының Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларының 4-тармағының талаптарына сәйкес келетіні расталады.

Басшы _____ Мөр орны (ол болған жағдайда)

(қолы)

* Жеке сәйкестендіру нөмірі

** Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензияны және оған қосымшаларды алуға өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

(заңды тұлғаның атауы, БСН, орналасқан жері)

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға
лицензияны және

мына мекенжайда орналасқан айырбастау пунктін ашу үшін лицензияға
қосымша беруді
сұраймын:

(пошталық индекс, облыс, қала, аудан, елді мекен, көшенің атауы, үйдің/
ғимараттың

(стационарлық үй-жайдың) нөмірі, сондай-ақ қабат, сектор, блок және
басқалар (бар болса))

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер:

1. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына қатысушылардың қатысу үлесі:

1) жеке тұлғалар:

жеке басын куәландыратын құжат деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
болса),

туған күні);

ЖСН (резиденттер үшін);

тұрғылықты жері;

жарғылық капиталдағы үлесі (% (сома)).

2) заңды тұлғалар;
заңды тұлғаның атауы;
БСН (резиденттер үшін);
орналасқан жері;
жарғылық капиталдағы үлесі (% (сума)).

2. Ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдардың

сипаттамалары:

Моделі (Атауы)	Зауыттық нөмірі	Банкноттарды ультракүлгін сәулемен тексеру (қағаздың люминесценциясын тексеру және өзге)	Банкноттарды магниттік белгілердің болуына тексеру
		Иә	Жоқ
		Иә	Жоқ

3. Бақылау-касса аппаратының (компьютерлік жүйенің) техникалық сипаттамалары:

Моделі (Атауы)	Зауыттық нөмірі	Айырбастау операцияларын түзетілмейтін күн сайынғы тіркеуді қамтамасыз ету	Жасалған айырбастау операциялары жөніндегі акпараттың энергияға тәуелсіз сақталуын оларды жасаған күннен бастап бес жыл ішінде қамтамасыз ету
		Иә	Жоқ
		Иә	Жоқ

4. Бағдарламалық қамтамасыз етудің техникалық сипаттамалары

Атауы	Өндіруші (Жеткізуші)	Айырбастау операцияларын түзетілмейтін күн сайынғы тіркеуді қамтамасыз ету	Жасалған айырбастау операциялары жөніндегі акпараттың энергияға тәуелсіз сақталуын оларды жасаған күннен бастап бес жыл ішінде қамтамасыз ету
		Иә	Жоқ
		Иә	Жоқ

5. Бейнебақылау жүйесінің техникалық сипаттамалары

Жүйенің атауы	Өндіруші (Жеткізуші)	Акпаратты күнтізбелік отыз күн бойы жазуын және сақталуын қамтамасыз ету	Бейнебақылаудың көру аймағында кассирдің жұмыс аймағы мен клиентті көрсету, сондай-ақ бейнебақылау үшін кедергілердің болмауын қамтамасыз етілетін орындарда орнатуды қамтамасыз ету
		Иә	Жоқ
		Иә	Жоқ

Қоса берілген құжаттар:

- 1.
- 2.

Электрондық пошта _____

Телефондар _____

Факс _____

Теңгедегі банк шоты _____

(уәкілетті банк шотының нөмірі, атауы)

Осы арқылы мыналар расталады:

көрсетілген барлық деректер лицензияны және лицензияға қосымшаны беру немесе

беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберу үшін
ресми байланыстар

болып табылады;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен айналысуға сот тыйым
салмаған;

барлық қоса берілген құжаттар (мәліметтер) жарамды болып табылады
шындыққа

(сәйкес келеді).

Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

(лауазымы) (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

20__ жылғы " __ " _____ № _____

**Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау
операцияларын ұйымдастыруға арналған
лицензия**

Лицензиат: _____

(заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік
тіркелген жері, БСН)

Лицензиар: _____ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
филиалы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____ филиалы
уәкілетті ұйымға валюталық бақылау агентінің функциясын жүктейді.

Осы лицензия шектелмеген мерзімге бір данамен беріледі және
басқа тұлғаларға берілмейді.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі аумақтық филиалының

басшысы _____

(қағаз нысандағы лицензияларға (тегі және инициалдары)

арналған қол)

Мөр орны
(қағаз нысандағы лицензиялар үшін)
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын

Нысан

20__ жылғы " __ " _____ № _____

**Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау
операцияларын ұйымдастыруға арналған
лицензияға**

20__ жылғы " __ " _____ № _____ қосымша

Лицензиат: _____

(заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік
тіркелген жері, БСН)

Лицензиаттың филиалы*: _____

(филиалдың атауы, филиал орналасқан жер, БСН)

Айырбастау пунктінің орналасқан жері: _____

(облыс, қала, аудан, көше, үй, қабат, сектор, блок)

Лицензиар: _____ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
филиалы

Осы лицензия қосымшасы осы айырбастау пунктінің жұмыс істеуі
үшін негіз болып табылады.

Осы айырбастау пунктінің қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің _____ филиалы бақылайды.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі аумақтық филиалының

басшысы _____

(қағаз нысандағы лицензияларға (тегі және инициалдары)
арналған қол)

Мөр орны

(қағаз нысандағы лицензиялар үшін)

* лицензиат орналасқан жердің аймағынан тыс қосымша айырбастау пунктін
ашу кезінде көрсетіледі

**Қосымша ашылатын айырбастау пункті үшін қолма-қол шетел
валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы
лицензияға қосымша алуға өтініш**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
27.08.2018 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік
жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Лицензиат: _____

(заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік тіркелген жері, БСН)

Лицензиаттың филиалы*: _____

(филиалдың атауы, филиал орналасқан жері, БСН)

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға
берілген

лицензияның нөмірі және күні:

Мына мекенжайда орналасқан айырбастау пунктіне қолма-қол шетел
валютасымен

айырбастау операцияларын ұйымдастыруға қолданыстағы лицензияға
қосымша беруді

сұраймын **:

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер:

1. Уәкілетті ұйымның жарғылық капиталына құрылтайшылардың (
қатысушылардың)

қатысу үлесі:

1) жеке тұлғалар:

жеке басын куәландыратын құжат деректері (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
болса),

туған күні);
 ЖСН (резиденттер үшін);
 тұрғылықты жері;
 жарғылық капиталдағы үлесі (% (сума)).

2) заңды тұлғалар:

заңды тұлғаның атауы;
 орналасқан жері;
 БСН (резиденттер үшін);
 жарғылық капиталдағы үлесі (% (сума)).

2. Ақша белгілерінің түпнұсқалығын айқындауға арналған техникалық құралдардың сипаттамалары:

Моделі (Атауы)	Зауыттық нөмір	Банкноттарды ультракүлгін сәулемен тексеру (қағаздың люминесценциясын тексеру және өзге)		Банкноттарды магниттік белгілердің болуына тексеру	
		Иә	Жоқ	Иә	Жоқ
		Иә	Жоқ	Иә	Жоқ

3. Бақылау-касса аппаратының (компьютерлік жүйенің) техникалық сипаттамалары:

